

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ СТАНДАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 4
мамыр 1994 ж. N 477. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17
маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" және "Жоғарғы білім туралы"
заңдарына сәйкес әр түрлі үлгідегі және меншік нысандарындағы білім
мекемелері түлектерінің біліміне бірыңғай төмендегі талап деңгейін қамтамасыз
ету, аттестациялау құжаттарды конвертациялау және республиканың әлемдік
білім кеңістігіне енуі үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан
Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Былай деп белгіленсін:

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік білім стандарты оқушылар
біліміне, іскерлігі мен дағдысына қойылатын ең төменгі негізгі талап деңгейінің
көлемін реттейді және мамандар кәсіби даярлығының қажетті деңгейін
анықтайды;

мемлекеттік білім стандарты барлық үлгідегі мемлекеттік және мемлекеттік
емес оқу орындарына қолданылады;

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік білім стандартын Қазақстан
Республикасының Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек
министрлігімен және басқа мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесе
отырып әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Білім министрлігі
бекітеді.

Осындай тәртіппен мемлекеттік білім стандартына ғылымның,

техниканың, мәдениет пен білімнің дамуындағы жаңа бағыттарға
байланысты қажетті өзгерістер енгізіліп отырады;

жұмыс оқу жоспарлары базистік (үлгі) оқу жоспарлары мен
кәсіптер және мамандықтар бойынша біліктілік сипаттамалары
негізінде әзірленеді және оны жергілікті білім беру органдарының
мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып оқу
орындары тарапынан бекітіледі.

2. Мемлекеттік білім стандарттарының сақталуына бақылауды
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК